

## Қазақстан Республикасында өзен кемелерін есепке алу бойынша нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 50-1-П бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2984. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 298 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің 2008.06.20 N 298 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Мына бұйрықтардың:*

*1 ) . . . . ;*

*2 ) . . . . ;*

*3) "Қазақстан Республикасында өзен кемелерін есепке алу бойынша нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 50-1-П бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2984 нөмірмен тіркелген, "Заң газетінің" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі 39 (196) нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.*

*2 . . . . .*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Министрдің міндетін атқарушы*

-----  
"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1334 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті туралы ереженің 11-тармағына сәйкес, бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында өзен кемелерін есепке алу бойынша нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігінде бақылау басқармасы (Р.Қ.Адамова)

осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Көліктік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Қ.Б.Есжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Комитет төрағасы*

"Қазақстан Республикасында өзен кемелерін есепке алу бойынша нұсқаулықты бекіту туралы" Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 50-1-П бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасында өзен кемелерін есепке алу жөніндегі нұсқаулық**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасында өзен кемелерін есепке алу жөнінде нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1334 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) қадағалауындағы өзен кемелерін есепке алуды реттеу мақсатында әзірленді.

2. Осы Нұсқаулықтың күші Комитетке және оның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдарына (бұдан әрі - аумақтық органдар) қолданылады.

**2. Өзен флотын есепке алу бойынша құжаттар**

3. Өзен кемелерін есепке алу бойынша құжаттарды жүргізуді, ресімдеуді және беруді аумақтық органдар жүзеге асырады.

4. Комитетте және аумақтық органдарда техникалық қадағалау объектілерін есепке алу кітабы (бұдан әрі - Есепке алу кітабы) жүргізіледі (1-қосымша).

5. Кемелерді және оның элементтерін өз уақытында куәландыруға бақылауды, кемелерге техникалық қадағалау бойынша жұмыстарды жоспарлауды, кемелердің бар болуын салыстырып тексеруді, флоттың техникалық жай-күйін талдауды жүргізу мақсатында мекемелерде әр кемеге арналған есепке қою карточкасынан тұратын кемелердің картотекасы жүргізіледі (2-қосымша).

6. Аумақтық органдарда кемеге техникалық қадағалауды жүргізу жөніндегі құжаттардан тұратын кеме істері (бұдан әрі - формулярлар) жүргізіледі.

### **3. Кемені есепке қабылдау**

7. Кеме иесі Комитеттің техникалық қадағалауына жататын кемені тіркелген жері бойынша аумақтық органда есепке қоюы тиіс.

8. Кемені есепке қою кеме иесі бөлімге жазбаша өтініш берген сәттен бастап 10 күн ішінде жүргізіледі. Өтінішпен бірге кемеге құқық белгілейтін құжаттар беріледі.

9. Бұрын басқа сыныптау немесе аумақтық органдардың қадағалауында болған, сондай-ақ Комитеттің құжаттарын алмаған кеме алғашқы куәландыру жүргізілгеннен кейін есепке алынады.

### **4. Кемені есептен шығару**

10. Кемені Комитеттің есебінен шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:  
кемені есептен шығарып тастаған;  
басқа сыныптау (қадағалау) органының қадағалауына өткенде;  
кеме иесінің дәлелді сұраулары болмаған жағдайда үш жыл куәландыруға ұсынылмаған (мұндай кемелерді есептен шығару тәртібі осы нұсқаулықтың 14-тармағында көрсетілген);  
оқшаулауға немесе жалға беруге байланысты басқа аумақтық органның аумағына қайта орналастырған.

11. Бір аумақтық органның аумағында кеме иесі ауысқанда кеме есептен шығарылмайды. Бұл ретте бұрынғы және жаңа кеме иелері бұл туралы Кеме қатынасы тіркелімі - ішкі суларда жүзетін кемелердің және "өзен-теңізде" жүзетін кемелердің сыныптау және техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Кеме қатынасы тіркелімі) жазбаша түрде хабарлайды.

12. Кемені есептен шығару үшін мынадай құжаттар ұсынылады:  
кеме иесінің кемені есептен шығару себебін көрсеткен хаты;  
кемені есептен шығару себебін растайтын ресми құжаттың көшірмелері.

13. Кемені үш жыл бойы куәландыруға ұсынбаған жағдайда аумақтық орган кемені есептен шығарады және бұл жөнінде Комитетке, кеме иесіне және көліктік прокуратураға хабарлайды.

14. Бұрын есептен шығарылған кемені есепке қайта қойған жағдайда кемеге алғашқы куәландыру жүргізіледі және жаңа тіркеу нөмірі беріледі. Алғашқы куәландыруды жүргізгенге дейін кемені пайдалануға тыйым салынады.

15. Кемені оқшаулауға немесе жалға беруге байланысты кемені есептен шығарғанда формулярда және кемені есепке алу карточкасында кемені есептен шығарып тастау туралы немесе оны басқа аумақтық органға беру туралы бұйрықтың немесе басқа ресми құжаттың нөмірі және күні көрсетіледі.

16. Басқа аумақтық органға берілетін кеме формуляры және есепке алу карточкасы кеме есепке алатын аумақтық органның сұрауы бойынша 10 күн мерзімі ішінде жіберіледі.

Кемелерді басқа сыныптау қоғамының есебіне бергенде формуляр және есепке алу карточкасы олардың сұрауы бойынша 15 күн ішінде беріледі.

### **5. Тіркеу нөмірлерін беру және есеп жүргізу**

17. Кемелерге және оларға орнатылған қысымдағы ыдыстардың әрқайсына жеке тіркеу нөмірі беріледі.

18. Тіркеу нөмірін аумақтық органның сұрауы бойынша Комитет береді. Кеменің мақсатын өзгертуден және оны қайта жабдықтаудан тәуелсіз кемелердің тіркеу нөмірлері сақталады.

### **6. Кеме картотекасын жүргізу**

19. Картотека осы мақсатқа арналған арнайы жабдықталған жәшіктерде сақталады.

20. Кемелерді есепке алу карточкалары кеме иелері бойынша жеке орналастырылады. Қадағалаудың басқа объектілеріне карточкалар жеке орналастырылады.

21. Су көлігі жүйесінің кемелерін есепке алу карточкаларын тіркеу нөмірлерінің өсу тәртібімен кемелердің топтары бойынша орналастыру ұсынылады (3-қосымша).

22. Су көлігі жүйесіне кірмейтін кәсіпорындар мен ұйымдарға тиесілі кемелердің есепке алу карточкаларын тіркеу нөмірлерінің өсу тәртібімен мынадай топтар бойынша орналастырады:

өзі жүзетін;  
өз бетімен жүзбейтін;

техникалық кемелер.

23. Кемені басқа иеге бергенде, кеменің мақсаты, кеменің атауы немесе нөмірі және тағы басқалары өзгергенде Кеме қатынасы тіркелімі есепке алу карточкаларын қажетті қайта орналастыруды жүргізеді.

24. Есепке алу карточкасын толтыруды жедел деректер бойынша аумақтық органның маманы жүргізеді.

Әрбір карточка орташа есеппен 10-15 жылға көзделген, бұдан кейін жаңа карточка ашылады, ал бұрынғысы формулярға салынады.

25. Есепке алу карточкасына деректерді енгізуге куәландыру актілері негіз болады.

26. Мекемеде кемелердің картотекасын жүргізуге және сақтауға Кеме қатынасы тіркелімі жауапты болады.

### **7. Формулярларды жүргізу**

27. Формуляр әр кемеге жеке жүргізіледі. Формулярда хаттарды, куәландыру актілерін, есептерді және осы кемеге тікелей қатысты басқа да құжаттарды сақтауға рұқсат етіледі.

28. Құжаттар формулярдың ішінде хронологиялық тәртіппен орналастырылады.

29. Формулярдың сыртқы бетіне титул парағы жабыстырылады (4-қосымша).

30. Әр аумақтық органда жедел және есепке алу мақсаттары үшін формулярлардың тізімі болып табылатын Әліпби-кітаптар жүргізіледі.

#### **8. Кемелерді куәландыру құжаттарының өту ерекшеліктері**

31. Пайдалануға тыйым салынған деген баға алған кемелердің куәландыру актілерінің көшірмелері аумақтық органдардан Комитетке жіберіледі.

32. Куәландырылған кемелерге қалған құжаттардың көшірмелері формулярларға қатталады.

#### **9. Формулярларды және есепке алу карточкаларын сақтау**

33. Комитеттегі есептен шығарылған кемелердің есепке алу карточкалары мен формулярлары алынып тасталады және мұрағатқа тапсырылады.

34. Есептен шығарылған кеменің жеке элементтерін Комитеттің техникалық қадағалауына жататын объектілер ретінде пайдаланғанда одан әрі пайдаланылатын элементке қатысты барлық құжаттар есептен шығарылған кеменің формулярынан алынып, одан әрі жүргізілуге жататын кеменің ісіне салынады.

35. Есептен шығарылған кемелердің формулярлары аумақтық органдардың мұрағаттарында 10 жыл бойы сақталады. Көрсетілген мерзім өткен кезде істер жойылады.

36. Сирек құрастырылған бірегей кемелерге, серияның бас кемелеріне, сондай-ақ мемлекеттің тарихымен, отандық кеме құрастырумен және кеме қатынасымен байланысты кемелерге формулярлар аумақтық органдарда 45 жыл бойы сақталады.

37. Комитеттегі есептен шығарылған кемелердің есепке алу карточкалары кемені есептен шығарып тастаған жағдайда жойылады.

#### **10. Комитеттің техникалық қадағалауындағы объектілерді есепке алу**

38. Аумақтық органдардағы техникалық объектілерді есепке алу оларға бекітілген кемелерді және басқа объектілерді өз уақытында куәландыру және болжау мақсатында жүзеге асырылады.

39. Аумақтық органдарда есепке алу Есепке алу кітабын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Кемелерді және объектілерді куәландыру нәтижелері бойынша деректерді Есепке алу кітабына енгізуді Кеме қатынасы тіркелімі жүзеге асырады.

40. Аумақтық органдардағы және Комитеттегі есепте тұрған кемелердің бар болуын салыстырып тексеру жыл сайын келесі жылдың 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде жүргізіледі. Мұнымен қатар кеме иелерін салыстырып тексеру жүргізіледі.

**11. Флотты есепке алу бойынша  
Комитетке ұсынылатын құжаттар**

41. Тыйым салынған деген баға алған кемелерге құжаттар аумақтық органдардың лауазымды тұлғаларының есеп берулерімен бірге есеп беру айынан кейінгі айдың 5 жұлдызынан кешіктірілмей Комитетке жіберіледі.

42. Флоттың және қадағалаудағы басқа объектілердің техникалық жай-күйін талдау есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 5 жұлдызына дейін ұсынылады.

Талдауда қадағалау объектілерінің техникалық жай-күйінің өзгерісі жөніндегі талдап қорытылған деректер және өзгеріс себептері келтірілуі тиіс. Бұл ретте пайдаланудың нақтылы жағдайларына байланысты анағұрлым ескірген және зақымдануға ұшыраған кемелердің негізгі элементтерінің жай-күйіне олардың қызмет ету мерзімін, жөндеу жұмыстарының және жоспарлы тегістеудің әралуан түрлерінің сапасын және толықтығын және тағы басқаларды есепке ала отырып  
н а з а р а у д а р ы л а д ы .

Талдауда сондай-ақ мыналар көрсетіледі:

1) қадағалау объектілерінің техникалық жай-күйінің деңгейін арттыру және сақтау бойынша кеме иелерінің қызметін бағалау;

2) мекеме маманы қадағалау объектілерінің техникалық жай-күйінің деңгейін арттыру және қолдау бойынша қандай шаралар қолданады және оның н ә т и ж е л е р і ;

3) қадағалау объектілерінің техникалық жай-күйі мәселелері бойынша негізгі қорытындылар және өзекті ұсыныстар;

4) қадағалаудағы кемелерге техникалық қадағалау жүргізуді жақсарту жөніндегі ұсыныстар.

**12. Комитеттің қадағалау объектілерін  
есептен шығарып тастау**

43. Кеме иесі объектіні есептен шығарып тастау үшін объектінің техникалық жай-күйі туралы Кеме қатынасы тіркелімі берген қорытындыны алуға тиіс.

Қадағалау объектісін есептен шығарып тастау кеме иесінің қадағалау объектісін есептен шығарып тастау үшін аумақтық органға жіберетін бұйрығымен жүргізіледі.

44. Комитеттегі есептен шығарылған және есептен шығарылып тасталған объектілер міндетті жойылуға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к ж ə н е к о м м у н и к а ц и я л а р

министрлігінің Көліктік бақылау  
 комитеті төрағасының  
 2004 жылғы 7 шілдедегі  
 N 50-1-П бұйрығымен бекітілген  
 Қазақстан Республикасында өзен  
 флотын есепке қою бойынша  
 нұсқаулыққа 1-қосымша

**"\_\_\_\_\_ бойынша Көліктік бақылау басқармасы"**

**Мемлекеттік мекемесінің Өзен тіркелімінің техникалық қадағалау объектілерін  
 есепке қою кітабы**

Тір.	Кеме	нің	Жо.	Қуа.	Жүк		Жол.	Тір.	Жа.		Тех.		Соңғы		Келесі		Ес.		
кеу		атауы		ба.	ты,		көте.	аушы	кеу		сал.		ника.	куә.		куә.		кер.	
нө.		және	N		ның	кВт		рім.	сы.		нө.		ған	лық		ланды.	ланды.	ту	
мірі			N					ділі.	йым.		мірі		жылы	жай-		рыл.	рыла.		
(жа.								гі,	т		ды.		(бұ.		күйін	ған		тын	
на)								лығы	рын.				баға.	мер.		мер.			
									ғы)				лау	зімі		зімі			

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Қазақстан Республикасы  
 Көлік және коммуникациялар  
 министрлігінің Көліктік бақылау  
 комитеті төрағасының  
 2004 жылғы 7 шілдедегі  
 N 50-1-П бұйрығымен бекітілген  
 Қазақстан Республикасында өзен  
 флотын есепке қою бойынша  
 нұсқаулыққа 2-қосымша

**Т і р к е у**

**N \_ \_ \_ \_ \_**

**Қазақстан**

**Республикасы**

**Көліктік бақылау комитетінің**  
**техникалық қадағалауында тұрған кеме**  
**есепке алу карточкасы**

Кемең атауы және N \_\_\_\_\_  
 Қозғалғыштардың саны және түрі \_\_\_\_\_  
 Кемең мақсаты мен үлгісі \_\_\_\_\_

Сыныбы мен жүзу ауданы \_\_\_\_\_

Кемеңнің иесі \_\_\_\_\_  
Жасалған жылы мен орны \_\_\_\_\_

Соңғы күрделі жөндеуден өткен жылы \_\_\_\_\_

Жобаның авторы және N \_\_\_\_\_  
Жүк көтерімділігі \_\_\_\_\_  
Жолаушы сыйымдылығы \_\_\_\_\_

К О Р П У С

Ұзындығы, м \_\_\_\_\_  
Ені, м \_\_\_\_\_  
Борттың биіктігі, м \_\_\_\_\_  
Толық жүгімен шөгу, м \_\_\_\_\_  
Жүгімен шөгу, м \_\_\_\_\_

Корпустың материалы (дәнекерленген немесе  
тойтарылған) \_\_\_\_\_

Жиынтық жүйесі \_\_\_\_\_

Бойлай орналасқан қалқалардың саны \_\_\_\_\_

Көлденең орналасқан қалқалардың саны \_\_\_\_\_

Палубалардың саны \_\_\_\_\_

Екінші түбі және екінші борты \_\_\_\_\_

Қондырғы \_\_\_\_\_

(шикізат, орналасқан жері, қабттар саны)

З Ә К І Р Л І К Қ Ұ Р Ы Л Ғ Ы Л А Р

	Т ұ ғ ы р л ы	А л д ы ң ғ ы
Зәкірлердің үлгісі және салмағы, кг	..... ... ... .....	
Шынжырлардың ұзындығы	... ... ... .....	
Шынжырлардың клибрлері	.. ... ... .....	
Шпиль, брашпиль	..... ... ... .....	
Динстанционды басқару	... ... ... .....	
Кестенің жалғасы		

\_\_\_\_\_ бойынша

Көліктік бақылау басқармасы | Негізгі көмекші | Мақсаты



Тіркелген орны \_\_\_\_\_ | қозғалтқыштар |  
Жалпы сыйымдылығы \_\_\_\_\_ |-----|  
| С а н ы , ү л г і с і ,  
| маркасы.....

### БАС ТЕТІКТЕР

| Ж а с а л ғ а н ж ы л ы м е н  
Саны, үлгісі, маркасы \_\_\_\_\_ |орны.....  
Жасалған жылы мен орны \_\_\_\_\_ |Жасаған зауыт....  
Қондырылған жылы \_\_\_\_\_ |қуаты және саны  
Жасаған зауыт \_\_\_\_\_ |(мин/айн).....  
N (жасау) \_\_\_\_\_ |Қосалқы тетіктерді  
қуаты және саны (мин/айн) \_\_\_\_\_ |басқару.....

### ТЕТІКТЕРДІ БАСҚАРУ

Дистанционды басқару \_\_\_\_\_  
Үлгісі \_\_\_\_\_  
Кешенді автоматтандыру (үлгі, жоба авторы, құрылғы \_\_\_\_\_

### ҚАЗАНДАР

### | ҚАЗАНДАРДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛУЫ

Жасалған жылы мен орны \_\_\_\_\_ |  
Жасаған зауыт \_\_\_\_\_ |Үлгісі \_\_\_\_\_  
Зауыт.қазан N \_\_\_\_\_ |  
Қазандардың үлгісі және саны \_\_\_\_\_ |Жоба авторы және N \_\_\_\_\_  
Мақсаты \_\_\_\_\_ |  
Қызу беті, м<sup>2</sup> \_\_\_\_\_ |Құрылған күні \_\_\_\_\_  
О т ы н т ү р і \_\_\_\_\_ |  
Қазандардың тіркеу нөмірлері \_\_\_\_\_ | РАДИОҚҰРЫЛҒЫ  
Қысым \_\_\_\_\_ |  
орнату күні \_\_\_\_\_ |Пайдалану станция.;  
| жіберу\_\_ қабылдау\_\_

### Б А Л Л О Н Д А Р

Баллон (тіркеу) N \_\_\_\_\_ |Пайдалану авариялық станция;  
Сыйымдылығы, л \_\_\_\_\_ |жіберу\_\_ қабылдау\_\_  
Қысым \_\_\_\_\_ |  
Сақталатын ортаның атауы және \_\_\_\_\_ |Авариялық станция;  
мақсаты \_\_\_\_\_ |жіберу\_\_ қабылдау\_\_  
|Радиолокациялық жүйе\_\_ ЭХОЛОТ\_\_

### ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРЫЛҒЫЛАР

| \_\_\_\_\_  
Саны және түрі \_\_\_\_\_ |ГЕНЕРАТОРЛАР| ЭЛЕКТР.  
Жалпы қуаттылығы \_\_\_\_\_ | ҚОЗҒАЛТҚЫШТАР

Ток түрі \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 Қуаты \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 Апаттық агрегаттың түрі және  
 қуаты \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 (Сыртқы жағы)

-----  
**ЖҮЙЕЛЕР | НАСОСТАР | ҚҰТҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ**

|-----| Құтқару шлюпкалары саны және сыйымд. \_\_\_\_\_  
 |тү.|са.|өнім. | Құтқару салдарының саны және көтеру күші \_\_\_\_\_  
 |рі |ны |ділігі | Құтқару дөңгелектері\_\_ дана,  
 \_\_\_\_\_ | кеудешелер\_\_ дана

Кепті. \_\_\_\_\_ | Құтқару жилеттері \_\_\_\_\_ дана  
 ретін..... | Өзге құтқару және авариялық құралдары \_\_\_\_\_  
 Балласты..... | \_\_\_\_\_

**Ө р т |**  
 сөндіруші..... | **ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚҰРЫЛҒЫЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАР**

Жүк..... | Насостар түрі, өнімділігі, м<sup>3</sup> /сағ \_\_\_\_\_  
 Майлы су \_\_\_\_\_ | Өрт крандары саны \_\_\_\_\_ дана  
 жинағы ..... | Өрт сөндіргіштер \_\_\_\_\_ дана,  
 Фекальды..... | багралар \_\_\_\_\_ дана  
 Насостар түрі, саны, \_\_\_\_\_ | Сүймендер\_\_ дана, киіз\_\_ дана, құм\_\_ дана  
 өндірушілігі, м<sup>3</sup> /сағ.\_\_\_\_ | өзге өрт құралдары \_\_\_\_\_

**ЖАРЫҚТАР МЕН ДАБЫЛДАР | НАВИГАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ЖӘНЕ  
 Ж А Б Д Ы Қ Т А У**

Жарықтар \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ сынып категориялы кемелер үшін  
 Дабылдар: а) жарық\_\_\_\_\_ | қойылатын талаптарға сәйкес келеді.  
 ә ) ж а р ы қ \_\_\_\_\_ |  
 б ) а п а т \_\_\_\_\_ |

**Т О Ñ А З Ы Т Қ Ы Ш | Қ Ұ Р Ы Л Ғ Ы Л А Р |**

С а н ы , \_\_\_\_\_ түрі, \_\_\_\_\_ тоңазытуы\_\_\_\_\_|  
 Б у к с и р л і к \_\_\_\_\_ шығырдың \_\_\_\_\_ түрі\_|

-----  
 Тоңазыту \_\_\_\_\_ жүйесі \_\_\_\_\_ |  
 \_\_\_\_\_ |

Кестенің жалғасы

Т Ұ Т Қ А Л Ы Қ      Қ Ұ Р Ы Л Ы

Тұтқалық      машинаның      түрі      \_\_\_\_\_  
Тұтқалар,      саптамалар      саны      \_\_\_\_\_  
Тұтқа      түрі,      қарапайым      баланс \_\_\_\_\_  
Бұрылу      саптамалары,      жапқыштар \_\_\_\_\_  
Белдігінің      құрылымы      және      көлемі \_\_\_\_\_  
Баллер      диаметрі      \_\_\_\_\_  
Әкелу      жүйесі \_\_\_\_\_  
Қосалқы      әкелудің      болуы      және      түрі      \_\_\_\_\_  
Тұтқа болатын құрылғы \_\_\_\_\_

Ж Ү К      Қ Ұ Р Ы Л Ы Л А Р

Жүккөтергіш      бағыттар      мен      крандар      саны \_\_\_\_\_  
Шығырлардың      түрі      және      саны      \_\_\_\_\_  
Өзге жүк құрылғылары

Б У К С И Р Л І К      Қ Ұ Р Ы Л Ы

Итеретін      құрылғы      \_\_\_\_\_  
Брага      және      крехттер      \_\_\_\_\_

М . О .

(лауазымы)      (қолы)      (А.Т.Ә.)  
Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникациялар  
министрлігінің      Көліктік      бақылау  
комитеті      төрағасының  
2004 жылғы 7 шілдедегі  
N 50-1-П бұйрығымен      бекітілген  
Қазақстан Республикасында      өзен  
флотын есепке қою бойынша  
нұсқаулыққа 3-қосымша

**КӨЛКІТКІ КЕМЕЛЕР**

Ө з і      ж ү з е т і н      ж ү к  
Ө з і      ж ү з е т і н      қ ұ я т ы н  
Жолаушылар      және      жүк-жолаушылар  
Б у к с и р л і к  
Ө з      бетімен      жүзбейтін      құрғақ      жүк  
Өз бетімен жүзбейтін құятын

# КӨМЕКШІ КЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ФЛОТ

Өзі жүзетін техникалық  
Өзі жүзетін көмекші

Өз бетімен жүзбейтін техникалық көмекші

## ЖЕРСНАРЯТАР

## ЖАҒА ОБЪЕКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникациялар  
министрлігінің Көліктік бақылау  
комитеті төрағасының  
2004 жылғы 7 шілдедегі  
N 50-1-П бұйрығымен бекітілген  
Қазақстан Республикасында өзен  
флотын есепке қою бойынша  
нұсқаулыққа 4-қосымша

**Қазақстан Республикасы**  
**Көлік және коммуникациялар министрлігінің**  
**Көліктік бақылау комитеті**

" \_\_\_\_\_ " бойынша

Көліктік бақылау басқармасы мемлекеттік мекемесі

## КЕМЕНІҢ КЕМЕ ІСІ (ФОРМУЛЯР)

Кеменің атауы немесе N \_\_\_\_\_

Кеменің түрі \_\_\_\_\_

Иесі \_\_\_\_\_

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Ерекше белгілері \_\_\_\_\_

Қала, жыл